

Дәрібайұлы С., Мұсалы А.,
Керімбекова Б.

**Қазақ әдебиеті сабағындағы
шығармашылық жаттығулар**

Бұл мақалада қазақ әдебиеті сабағында студенттермен жүргізілетін әдеби-шығармашылық жаттығулардың ерекшеліктері туралы баяндалады. Көркем шығарманың табиғатын терең түсінуге талпындыратын тиімді әдістер әдеби жаттығулар арқылы жүзеге асады. Әсіресе, кітап оқу дағдысы азайған уақытта қаламгердің жазу стиліне, көркем туындыдағы образдар жүйесінің сомдауына, сюжеттерді байланыстыру шеберлігіне талдау жасау үлкен ізденісті және жауапкершілікті талап етеді. Бұл мақсатқа жетуде студенттердің өздерімен жүргізілетін әдеби жаттығулардың да маңызы зор. Әдеби шығармашылық жаттығулар көркем шығарма оқуға қызықтырып, дағдыландыру бағытында оң нәтиже берері анық. Әдеби жаттығулардың студентке шығармаға жан-жақты, түрлі бағытта талдау жасауды үйренуіне бағыт беріп, қызығушылығын арттырады сөзсіз. Шығармашылық жаттығуларды пән мұғалімі өзінің ой-қиялының ұшқырлығына орай сан түрлі етіп қолдана алады. Мақалада әдебиет сабағында берілетін кейбір жаттығу үлгілері және студенттердің осы жаттығулар негізінде жазған шығармашылық жұмыстары ұсынылып отыр.

Түйін сөздер: жаттығу, кітап, шығармашылық, дағды, көркем туынды, үлгі.

Daribaiuly S., Mussaly L.,
Kerimbekova B.

**Creative exercises on the Kazakh
literature lessons**

This article describes the features of the literary and creative exercises for students who apply to the Kazakh literature classes. Effective methods facilitated the understanding of the nature of art, made by a literary exercises. During the decline of books reading, the writer of style analysis, description of the image of the system in the works, intertwining plots requires considerable skill quest and responsibility. In order to achieve this goal the role of literary exercises with students. It is obvious that art exercises will give positive results in instilling reading habits. Of course, the literary exercises will give direction to students in the comprehensive analysis of the product and increase interest in reading. The teacher can use creative exercises in different directions depending on the swiftness of his thoughts. The article also presents some examples of exercises and creative work of the students, prepared on the basis of these.

Key words: exercise, book, creative, skill, art work, a sample.

Дарибайұлы С., Мұсалы А.,
Керімбекова Б.

**Творческие упражнения на
уроках казахской литературы**

В данной статье изложены особенности литературно-творческих упражнений для студентов, которые применяются на занятиях казахской литературы. Эффективные методы, способствующие глубокому пониманию природы художественного произведения, осуществляются посредством литературных упражнений. Во время снижения навыков чтения книг, анализ стиля писателя, описания системы образов в произведениях, мастерства сплетения сюжетов требует значительных поисков и ответственности. В достижении этой цели очень важна роль литературных упражнений со студентами. Очевидно, что художественные упражнения дадут положительные результаты в привитии навыков чтения. Безусловно, что литературные упражнения дадут направление студентам в части разностороннего анализа произведения и повышения интереса к чтению. Учитель может применять творческие упражнения в разных направлениях в зависимости от стремительности своих мыслей. В статье также представлены образцы некоторых упражнений и творческие работы студентов, подготовленные на основе данных упражнений.

Ключевые слова: упражнение, книга, творческий, навык, художественная произведение, образец.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР

XX ғасырдың аяғы тасқа басылған сөзге деген қызығушылықтың азаюымен алға шықты. Яғни, көркем әдебиетке деген қызығушылық барынша дербес, прагматикалық, акпараттық, атүсті бола бастады.

Әдеби шығарманы авторлық дүниетаным идеясы тұрғысынан түсіну, түсіндіру – оңай емес. Қаламгердің ойын анық түсіну үшін оның кейіпкерлер әлеміне, олардың іс-әрекеттері мен ойларының жасырын қоймаларына кіру керек. Студенттің (оқушының) образ тілін тануға, символ тілін түсінуге үйрету – қиын, алайда қажет міндет. Физика, химия, биология сабақтарында балалар қоршаған ортаның заңдылықтарын таниды, тәжірибелер жасайды. Сол сияқты, әдебиет сабағында да студенттер (оқушылар) жазушының шығармашылық лабораториясының құпияларын ашуы тиіс. Онсыз әдебиет сабағы іш пыстырарлық пәнге айналады. Әдебиет сабағын қалай қызықты етуге болады? Осал сұрақ емес. Осындай сұрақпен, біз, ұстаздар, күнделікті бетпе-бет келеміз.

Әдебиет сабағында оқушыларды көркем шығарманың табиғатын терең түсінуге талпындыратын тиімді әдістер шығармашылық жаттығулар арқылы жүзеге асады. Әсіресе, кітап оқу дағдысы азайған уақытта көркем туындыдағы образдар жүйесінің сомдалуына, қаламгер стиліне, сюжеттерді байланыстыру шеберлігіне түрлі шығармашылық жаттығулар арқылы қызықтыру пән мұғалімінен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Студенттер әртүрлі жанрадағы шығарма жазуға дағдылануы қажет. Мұндай ұсақ жанрадағы шығармаға: қолжазба-күнделік, репортаж, интервью, рецензия, газет-журналға мақала беру, эссе т.б. жатады. Күрделі шығарма жазудан бұрын осы сатылардан өтіп алғаны жөн. Шығарма жазуға алдын ала ойтүрткі (мотивация) жасай білу көп жағдайда оқушы толғанысына себепші болады. Ол үшін шығармашылық ситуациялар тудыра білу керек. Кейде қарапайым нәрседен ой қозғау да шығарма жазудың арқауына айналып кетеді. Ой қозғауға арналған материалдарға: қарама-қарсы пікір айту, қиялға еру, ішкі түйсікке ерік беру, оны өзге заттармен салыстыру, іштегі пікірді түрлі әдіспен бейнелеу, көзге елестету, ол туралы өзіндік пікір қозғау, қорытынды айту, өз шешімін білдіру, т.б.

Оқушыны шығарма жазу барысында не айтқым келеді және оны қалай жүзеге асырам деген сауал қызықтыруы керек. Шығарма тақырыбын таңдарда мұғалім балалардың тілек-қызығушылығымен санасып, олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеруі де аса маңызды.

Шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп. Мысалы: тірек сөздер беру арқылы әңгіме құрастыру, өлең құрастыру, мысалдарды, ертегілерді сахналау, ертегі мазмұны бойынша сурет салу, т.б. Төменде беріліп отырған әдеби жаттығуда студенттерге Қайрақ, биік ғимарат, сызат, атамекен, адам, топырақ, боран, сағыныш деген тірек сөздер бойынша еркін тақырыпта әңгіме жазу тапсырылған. Бұл тапсырма студенттердің шығармашылық дағдысын қалыптастыруға, өз ойын көркем жеткізуге үйретуге бағытталған. Сонымен бірге сюжет құрастырып, оны белгілі бір проблеманың төңірегінде дамытуға және өзіндік стилін қалыптастыруға жаттығады. Әңгіме тақырыбын да студенттің өзі қояды. Осы тапсырма бойынша жазылған шығармашылық жұмыстардың бірекеуіне назар аударайық:

Сезімдер шатқалында...

Сұрлануын-ай! Соншама сұрлануын-ай, шіркіннің! Көңілімді баса алмассың, баса алмассың бәрібір. Сағынышымды, жаным-ау, саған деген сап-сары сағынышымды сұрланып сейілдіре алмассың! Іңкәрімді, Құдай-ау, саған деген құштарымды қалай ғана қандырсам екен?! Көңілімнің еркіне салсам бір сені құшағыма қысып, қысып, тіпті қатты қысып аймалар едім, амал нешік. Адамға ақылды аямай берген де, құшақ жағынан тарылтып қойыпты-ау, жарықтық. Атамекенім-ай, сен менің Атамның мекенісің-ау. Иіскейін бе? Мұрнымды төсеп тастап иіскейін бе? Атамның жұпарын қойнында тығып жатқан боларсың... Сол иісті қуалап, желіңе қарсы жүгіріп, сүрініп, соғылып, білмеймін аспанға ұшып, құлдилап жерге түсіп, білмеймін, Құдай-ау, білмеймін бір сені қойныма сыйдырып құшақтағым келіп тұрғаны-ай. Қалай ғана дәті барды екен, қалай ғана аузы барды екен, олай айтуға?! Апау, сені Дәнеш пен Қайрат жұтаң деді-ау, сортаң деді-ау, тұзы аспанға ұшқан топырақ, топырақтың кімге керегі бар дейді-ау! Бетінді оймалап, жүзінді жұлмалап жаңа ғимарат, биік ғимарат тұрғызу керек деді-ау. Сол кез дымсыз кеп тығырыққа тірелдім де үннен қалдым... Отаным, туған аймағым-ау, мен сені ол жамандыққа қалай ғана қия алармын?! Жаныңа сызат түсіреді-ау!

Олар біле алмас, жүзіндегі әр бір әжімнің сырын түсіне алмас, ерке желіңнің сен туралы ысқыра салған әндерін сезіне алмас, тіпті де есіте алмас. Кереңдер ғой, артық айтқаным болмас, көкіректері меңіреу, мылқаулар ғой. Құлағыңның түбінен сыбырлап салған, еркелеп, сылдырап салған, жан қылыңды үзіп, маржанды тізіп салған сырларды мақұлық болмаса ұғар еді (адам да жүрген бір мақұлық екенін ұмытып кеткендеймін).

Сен де мені сағынар едің... Ақ бораныңмен орап ап аймалап, қытықтап, шымшылап, итімді шығарып ойнап, сонсоң жөніме қоя берер едің де, томсырап жатып алар едің. Ал, мен сол бір кез аспанға секіреді едім, ой, аспанға бір кеп секіреді едім. Топырағыңа аунап, асыр сап еркелер едім... Бұл да өтті, кетті. Қайта айналып құйрығын да ұстатпас енді. Енді көтермесің менің сол сотқарлығымды. Сен көтерерсің-ау, сен тіпті түйені де ауырсынбай көтергенсің ғой, бірақ...

Сенің жаныңды олар түсінбес, сырыңды сораптап та оқи алмас. Бірақ мен, құлының Жарасбек тырысамын ғой, әр әжімді аялай сүйіп, *қорған болуға*.

Жаңа ғимарат... Биік ғимарат... Бұның бәрі жақсы ғой, тіпті керемет! Бірақ, неге ғана қимайды екем, ой, шіркін-ай, неге сонша жанымды қинайды екем. Қолымды бір-ақ сілтемеймін бе бәріне?! Жо-жоқ, сілтемеймін!!! Сен менің емшімсің ғой, жанымның, сағынышымның дәрігерісің ғой сен менің. Сол үшін де мен сені алып, жанымның қабығына орап, тіпті жүрегімнің түкпіріне салып, сақтап, тығып қойайыншы. Түш... Бірақ, мұны ешкім білмесін..

Тұрапқали Дина

Әрине, шығармашылық тапсырмаларды белгілі бір сөз тізбегі немесе сөз тіркестерінің аясында шектеп қоюға да болмайды. Жоғарыдағы тапсырмалар студенттерді жалпы шығармашылық ойлау, оны көркем жеткізу дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды дамыта отырып, студенттерге белгілі бір проблеманы (мысалы экологиялық, қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық т.б.) ғана тақырып ретінде ұсынуға болады. Төменде ұсынылып отырған студенттердің шағын әңгімелері де осындай қоғамдық мәселелерден сыр шерткен.

Бетперде

Жаһандық мәселелер жайында Үлкен Әлемді толғандырған мәселелер менің кішкентай Әлемімді аса ойландыра қоймапты. Селқостық деп сөксеніз де мейліңіз. Алайда Үлкен әлемді құраушы Адамдардың пенделіктері хақында

пайымым бөлек-ті. Мен үшін ең алапат апаттар жасандылыққа ұрынған рухани тажалға таянған Адамдықта қазір.

Алаңсыз отырған мен оның жақындағанын сездім. Бұрылып қараймын дегенше қасыма отыра кетті. Саудырлап жатқан сары жапырақты қолына алып ұзақ үнсіз отырды да:

– *Сенің сүйікті мезгілің, –* деді.

– *Иә. Әсте күз көңілсіз емес қой, –* дедім оған үңіліп.

– *Білмеймін...*

– *Неге жабырқаусың?*

– *Сенен шаршадым. Қашанға дейін бұйығы өмір сүрмекпін. Менің бұл дүниеде бар екенінмен тіпті күллі адамзат беймәлім ғой.*

– *Неге? Сені мен білемін, –* дей беріп едім, сөзімді аяқтатпады.

– *Иә, сен. Сен бірақ маған өмір сүруге мүмкіндік бермейсің. Білесің бе, өмір сүргім келеді, өмір сүргім келеді! –* оның соңғы сөздері тым қатты естілді.

– *Сүре бер! Алайда мен сенің сұрықсыз өміріңді сүргім келмейді. Маған өз әлемім қызық, –* өз дауысымның тым бәсең шыққанын ұқтым.

– *Қашанға дейін жасанды әлемінде жүрмексің, жалықпадың ба? –* оны одан артық тыңдағым келмей орнымнан тұра жүгірдім. Ол қуа жөнелген жоқ, сол жерде отыра берді. Мен әлі жүгіріп келем. Өз-өзімнен, иә, өзімнен қашып келем.

– *Бетпердеңізді алуыңызды өтінемін! –* Жомарт жақын маңнан шыққан дауысқа елең ете қалды. Оның қасына кіп-кішкене сүйкімді қыз еш ескертусіз, рұқсатсыз келіп отыра кетті.

– *Сіз маған айттыңыз ба? –* деді Жомарт бар ықыласын қызға аудара.

– *Әрине, сізге. Және «сіз» деменізші маған. Тұрпайы жасандылық, –* қыз кескін-кейпін өзгерте тыжырынып алды, – *Сіз жаман адамсыз, –* деді содан соң.

– *Оны қайдан білдің? –* деді Жомарт жылы жымыпп.

Жаман адамның бетпердесін киген жақсы адам немесе керісінше, – деп қыз жеңіл ғана күрсініп қойды.

– *Бала күнімде менің ата-анамнан артық жақсы адамдар жоқ шығар деп ойлайтынмын.*

– *Сөйтсең олар жаман адамдар болып шықты ма?*

– *Жоқ, олардан да басқа жақсы адамдар жер бетінде көп екен. Ал менің ата-анам өзге де жұмырбасты пенделер секілді бетперде киген тіршілік иелері. Артықшылықтары –* олар

менің ата-анам. Сіз де кішкене кезіңізде қағаздан ойыншық ұшақ жасаған боларсыз?

– *Иә.*

– *Өткенде мен бір кісіге ұшақ сыйладым. Кәдімгі қатты қағаздан жасалған ойыншық ұшақ. Ауыр жұмыстан шаршап-шалдыққан оған үйіңізге жетіп алыңыз дедім. Ертеңінде «ұшақпен қалай жеттіңіз» деп сұрағанымда, «Рахмет! Өте жақсы ұшады екен. Бүгін үйімнің қасындағы автотұраққа қойып кеттім» деді. Білесіз бе, сол адамды қатты жақсы көріп кеттім. Кішкентай армандарға үлкен қанат бітіретін сондай жандар өмірде көп болса ғой! Мүмкін сізге, бұл әңгіме бес жасар баланың былдырлағы сынды шығар. Бірақ менің айпағым тіптен бөлек. Біз өзіміз жамандыққа құштармыз. Ақ парактан қара нүктені оңай аңғарғанымыздай, дариядай жақсылықтан тамшыдай жамандықты да жылдам таба қоямыз.*

– *Тоңбадың ба?*

– *Жоқ, мүлдем. Ал өзіңіз мынадай қақаған аязда жападан-жалғыз не себепті отыр едіңіз?*

– *Жалғыз емеспін. Қасымда сен барсың.*

– *Иә, мен. Мен қазір кетемін, –* деп қыз көз ілестірмес жылдамдықпен орнынан тұрды.

– *Қорықпаңыз, сіз жалғыз қалмайсыз. Мына жеріңізде, –* деп оның жүрек тұсын нұсқады, – *Жүрегіңізде Жаратқаныңыз бар. Оны жоғалта көрмеңіз. Бетперде киген қоғам мүшелерінен де алыстамай-ақ қойыңыз. Ешкімге сенуге болмайды, алайда Адамға сену керек!*

Кенжеқожаева Ақбота

Жазушының шығармашылық лабораториясын даралай түсетін қасиеті оның кейіпкерлер әлемін оқырманына қалай танытуымен де көрініс табады. Көркем шығармаларда образдарды айшықтап, кейіпкерлерді даралап тұратын ерекшеліктердің бірі – олардың бет-бейнесі, сыртқы келбеті, мінез-құлқы. Қаламгердің жазу шеберлігі, тіл байлығы да осы кейіпкерлер арқылы танылады. Төмендегі тапсырмада студенттер кейіпкерлердің портретін шығармашылық жұмыс арқылы дамытқан.

Шығармашылық тапсырма үлгісі: Берілген сөйлемдерге 3-4 сөйлем қоса отырып, кейіпкерлердің портретін жасаңыз:

Асығыс келе жатқан Айдардың ендігі бар үміті Жарқынбекте ғана. Тай құлындай тебісіп бірге өспесе де екеуі бір өңірдің тумасы, бір-бірін сырттай жақсы білетін.

Хатшы қыздан рұқсат сұрай кірген Айдарды құшақ жая қарсы алғандай болғанымен, Жарқынбектің сөзінен салқындық сезілді. Дегенмен сыр алдырар емес...

Студенттердің шығармашылық жұмыстары:

Асығыс келе жатқан ұзынша бойлы, жиырма бес жас шамасындағы, ақсары өңді серіппелі көк темірдей жауырынды Айдардың ендігі бар үміті – Жарқынбекте ғана. Жарқынбек – тығыршықтай денелі, тапал қаратай құлындай тебісіп өспесе де, екеуі бір өңірдің тумасы, бірін-бірі жақсы білетін. Есіктің алдында отырған сұлу денелі хатшы қыздан рұқсат сұрап кірген Айдарды құшақ жая қарсы алғандай болғанымен, көзін сығырайта томсырайған Жарқынбектің сөзінен салқындық сезілді. Дегенмен, сыр алдырар емес.

Қармысова Ләззат

Асығыс келе жатқан Айдардың ендігі бар үміті Жарқынбекте ғана. Тай құлындай тебісіп, бірге өспесе де екеуі бір өңірдің тумасы. Бір-бірін жақсы біледі. Бұл күнде Айдардың жанары жас күніндегідей емес, көздері шүңірейе, өткен уақыт жүзіне із қалдырған, қиындықтар жүдеткен. Ақ көңіл жігіттің киген қара жейдесі тіпті арық көрсетіп, келбеті абыржығанынан сыр береді. Он жыл бұрын қайыра қоятын қайратты шапшартарына да ақ түсе бастаған. Тағдырдың сан соқпағында адам не көрмейді. Қапелінде қашанда арам ойсыз ер есегінен емес тұлпарынан жығылған соң сенгені бір Жарқынбек болып еді. Екеуі қатар болғанымен жасынан Жарқынбек өзін үлкен кісілерше ұстайтын. Кез келген жағдайда да қалыпты мінезі көңіл күйіндегі ешбір өзгеріс бетінде біліне қоймасты. Көк көзі қадалғанда алдындағы жан өзінен ыңғайсызданып, именердей тік қарасы, әлде бір белгісіз үрей тудыратын. Жүзіндегі болмашы жымыс анда-санда пайда болса да мейірімді етіп көрсетпес еді. Бойын қашанда тік ұстап, қақпақтай жауырыны қағып кетсе оңдырмастай тұлғалы жігіттің болмысы жұмбақ. Хатшыдан рұқсат сұрай кірген Айдарды құшақ жая қарсы алғандай болғанымен Жарқынбектің сөзінен салқындық сезілді. Дегенмен сыр алдырар емес.

Керімхан Мереке

Шығармашылық жаттығулардың тағы бір түрі диалогтарды баяндау түріндегі әңгімеге айналдыра отырып, кейіпкерлердің портретін беруге арналған. Тапсырма үлгісіне назар аударайық:

– Ассалаумағалейкум, ата!

– Уағалайкумасслам. Амансың ба, балам!

– Ата, мұнда келіп отыра тұрасыз ба... андағы орындықтарды тазалап алсам деп едім.

– А, айтқаның болсын, балам. Жұмысыңа

бөгет болмайын... Қарағым, бұрын көрмеген баласың ғой?

– Иә, ата, бұл жұмысқа жаңа тұрдым.

– Ауылдан келдің бе?

– Иә.

– Жұмыстың жаманы жоқ, балам. Еңбек еткен адам ғана өз мақсатына жетеді. Дегенмен де жас екенсің, жоғары оқу орнына түсуге талпынбадың ба?

– Ондай жоспар бар, ата. Арманым орындалып, жоғары оқу орнына түссем деп жүрмін. Ауылда қарт әке-шешем бар. Бұйыртса биыл оқуға құжатымды тапсырып көрем, ата.

– А, шырағым, дұрыс екен. Тілегіңе жет.

Студенттер бұл жаттығуды төмендегіше орындап шықты:

Түс ауғаннан бері есік алдында отырған орта бойлы, қалың ақ шапшартар, қою қара қабақты қарт атаның көгілдір көздері бұрын өзі көрмеген жас балаға түсіп отыр. Өзі бет пішіні ақ сұр, қысыңқылау қой көзді, жазық маңдай, ерінді келген келбетті жігіт екен. Бірақ шөлден бе, еріндері шыт-шыт тілініп кетіпті. Жас адамға қол емес дәл осы бір жұмысты неге таңдаған екен?! Оқыса болмады ма деген ойлар қарияға маза берер емес. Бір мезетте жас жігіт атаның отырған орындығын тазалауға көшті. Қол-аяғы серейген ұзын бала үлкен алақанымен қоқыстарды бір-ақ жинап салды. Жаңадан бері өзіне тесіліп қарап отырған қарияның ойын оқығандай, жас бала:

– Ата, не ойлап отырғаныңызды білемін. Жоғары оқу орнына түссем деп жүрмін. Ауылда қарт әке-шешем бар. Бұйыртса, биыл оқуға құжаттарымды тапсырып көремін. Сол бірекі тиын жинасам деген оймен уақытша осы жұмысты істеп жүрген себебім бар.

– А-а, шырағым, дұрыс қой, тілегіңе жет, – деп мазалаған сұрағына жауап алғанына дән риза болған қария, есікті қиқылдатып үйіне кіріп кетті.

Тәжібек Гүлбану

Қарттар үйінде жетінші көктемін қарсы алып жатқан қарт әкей ауладағы көп орындықтың біріне жайғасып, жастық шағын, мәрт кезін көз алдынан елестетіп отырғалы бірер сағат уақыт болды. Жас күнінде ақкөңіл, қабағына қақ тұрмайтын ойнақы, жомарт мінезді алғыр бала еді. Әкесі мұның он төртінде қайтқан соң, шешесінің қас қабағына қарап өскен жас жігіт ана жүрегін онан әрі езгілеп алмайын деп қос бауырына бас-көз болып, ішінде бір тамыры үзілсе де, сыртқа сыр бермей жадырап жүруші еді...

Бала күнінен бастап күні кешегі аяулы жары қайтқан күннен соң келінінің жанарына сия алмаған әкейдің осы үйді алдағы өмірінің естеліктері қалар мекен еткеніне дейінгі өмірі көз алдынан толассыз сырғып, қозғалыстағы пойыз терезесіне үңілгендегі көріністей өтіп жатты. Қарттың жүзінде өкініш жоқ, бірақ. Өз өміріне разы. Өз өзіне риза. Осы сәтті басынан кешіп, жүрегінің сезінері үшін керегі – осы мекен болғаны да..

Ауылда қалған қарт әке-шешесіне өз қажетін тауып болсын көмек болайын деген ниетпен екі қолға бір күрек іздеп келіп, осы қарттар үйіне тазалық жұмыстарын жүргізуші болып жаңадан орналасқан Мақсат әжім басқан қабағы жасқан көздерінен от шашып, ойға шомып отырған қартқа қарап қалыпты. Қолындағы шелегі мен су шүберегін алып өзіне қарап тұрған сұңғақ бойлы, қыр мұрын, қоңыр көзді қара баланы әкей оң жағына көз тастағанда байқаған еді. Манадан бері қарттың отырысына сүйсінген баланың, мүсіні өз алдына, қартқа жақын келіп амандасқан қоңыр үні көз алдына елес болып келетін жастық шағын қарсы алдына әкелгендей. Бұрын бұл маңнан байқамаған бұл баланы бірден жақын тартып, екеуі біраз әңгіме құрды. Баланың ауылда қарт әке-шешесінің барын, мұнда жұмыс іздей келгенін білген әкей бұл ісіне қарап сүйсінгенімен, алдыменен айтқаны – жас балаға бұл жұмыстың қол емес екені, оқуға барғанын құп көретіні. Маңайдағы орындықтарды тазалап болған бала әкейге сыпайы ғана өтініш білдіреді: орындығын тазалап алмақшы. Шелегіне қол созып жатып, әңгімесін жалғазған жас бала биыл оқуға құжат тапсырарын айтып жымыды. Ойлы жас. Атына заты сай Мақсаттың мақсатына жетеріне сенімі мол қарт әкей оған өз батасын берді. Бұл сәт өз балалығы мен қарттығының кездесу сәті іспетті.

Оспаналы Мәдина

Мақаш шал күндегі әдетімен үйінің қарсы бетіндегі шайханаға келіп, терезе жақтағы үйреншікті орнына келіп жайғасты. Қарт кісінің әлі тазаланбаған үстелге отырғанын байқаған жас даяшы жігіт жанына келіп оның басқа үстелге ауысып отыруын өтінді. Күндегі келіп тұратын үйреншікті орны болғандықтан Мақаш бұл шайханадағы даяшылардың бәрін танитын. Мына келген жас жігітті танымағандықтан біраз әңгімеге тартып жөн сұрасқысы келді. Сырттай қарағанда өзі бір тартымды жігіт екен. Сыпайылығы өзінің ақсары келген, нұрлы жүзіне жарасым тауып-ақ тұр. Жүзіне тіктей қарасаң, көзі бір жалынды байқататындай. Қарт кісі біраз әңгіме айтып отырып баланың ауылдан келгенін білді. Жылы жүзді, мейірімді қарт кісіге жас жігіттің де іші жылы түсті. Мақаш шал бетіне әжімдері қаптаған, кәрі қарт болғанмен, оның түсіңкі қабағының астынан жылтырап көрініп тұратын әдемі көзі, қыр мұрны жас кезінде өте сымбатты болғанын айтпай-ақ жеткізіп тұрғандай еді. Сыры кетсе де, сыны кетпеген бұл қарт кісіге жас жігіт өз жайын біраз баяндап берді. Өзінің оқуға құжаттарын тапсыру үшін келгенін, ауылда қалған әке-шешесі барын айтты. Мақаш бұл жігіттің бойынан мұқалмас бір ерік-жігер мен от көргендей болып, батасын берді.

Жанақова Ұлдана

Қорыта айтқанда, әдеби жаттығулардың студентке (оқушыға) шығармаға бір жақты ғана емес, жан-жақты, түрлі бағытта талдау жасауды үйренуіне бағыт беріп, қызығушылығын арттырады деп тұжырым жасауға болады. Әрине, жаттығуларды пән мұғалімі өзінің ой-қиялының ұшқырлығына орай сан түрлі етіп қолдана алады. Жазушының шығармашылық лабораториясы, қаламгердің сөз саптауы мен теориялық мәселелерді түсіндіруде оқушыға әдеби жаттығулар жазғызудың нәтижелі болары сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 2 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.
- 3 Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 1997. – 288 б.

References

- 1 Baitursunov A. Composing. – Almaty: Zhazyshi, 1989. – 320 p.
- 2 Bitibaeva K. Methods of teaching literature. – Almaty: Rauan, 1997. – 288 p.
- 3 Zhumazhanova T. Methods of teaching literature. – Almaty: Bilim, 2009. – 288 p.